

## ХАБАРЛАНДЫРУ



ТО ПД-нің нұсқаулығына сәйкес, Созақ ауданы аумағында «ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» атты акциясы ағымдағы жылдың 24-27 маусым аралығында аталып өтетін болады.

Акцияның мақсаты- көпшілік халықты әйелдерге қатысты зорлық зомбылықты ескертуге, алдын алуға, ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасының рөлін күшейтуге бағытталған қабылданып жатқан шаралармен, Заңдармен таныстыру, сондай-ақ, әйелдерге қатысты зорлық зомбылық көрсетуге бейім адамдармен жеке профилактикалық жұмыс атқаруға бағытталған жүйені қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 15 сәуір күні Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылғандығын ескерту.

Аталған заң ағымдағы жылдың маусым айының 15-ші жылдығы күні күшіне енгендігін барынша халықтың назарына түсіндіру. Заңға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі себебінің бірден-бір себебі, отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолын кесу, болдырмау, болып табылады. 2024 жылы сағат 09:00 ден кешкі сағат 18:00 ге дейінгі аралықта Созақ АПБ-нің ғимаратында Созақ АПБ ЖПҚ Әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Манапова Айжан Қалмаханқызы мен жеке қабылдау ұйымдастырылады.

Біздің байланыс тел: 87783339929 немесе "102", "111", "150" сенім арнасына хабарлассаңыздар болады.

## БІЗ СІЗДЕРГЕ ӘРҚАШАНДА КӨМЕК БЕРУГЕ ДАЙЫНБЫЗ!

**Айжан МАНАПОВА,**  
Созақ ауданы бойынша әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспектор.

## Жарамсыз деп танылсын

Түркістан облыстық «Ветеринарлық қызметінің» иелігіндегі (State enterprise) 2013 жылы шығарылған «Lada 21214» маркалы автокөлігінің «KZ 305 AN/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## Сексеуіл құмды алқаптың сәні

Бүгінгі таңда дала орман өрттері өршіп тұр. Осыны ескере отырып, аудан халқын табиғи байлығымыз сексеуілді бейберекет шабудан және орман өртінен сақтануға шақырамыз.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыздың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**Мейрман ҚАЗАҚБАЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

## Хабарландыру

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ «Түркістан облысындағы Инкай кен орнының №2 учаскесіндегі металлдар мен уранды барлау жоспарына» әсер етуге экологиялық рәқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бекітілсін.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылдың 02 тамыз сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.о., Тайқоныр а., «Демур» ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596

Кіру коды: 123456

<https://us04web.zoom.us/j/2923596948?pwd=dVJRZV9QV3N0U0JFZXRMVURJTZWZ09>

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады 8 (778)-376-29-23

Тапсырыс беруші: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, БСН 970240000816; Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ көш, 17/12 құрылым; Бектенов Руслан Ширязданович, тел. 8 (707) 755-99-97, e-mail: rbektenov@kazatomprom.kz

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (707) 344-09-87

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 27-үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: – «Волковгеология» АҚ; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; 8 701 344 09 87; G\_kazibek@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) сілтемесі бойынша және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, 27 үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz мекен-жайында қабылданады.

## Объявление

АО «НАК Казатомпром» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План разведки редких металлов и урана на участке №2 месторождения Инкай в Туркестанской области» (раздел «Охрана окружающей среды»), проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 02 августа 2024 года в 11:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекский с.о., с. Тайқоныр, Сельский дом культуры «Демур».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 6165408596

Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (778)-376-29-23

Заказчик: АО «НАК Казатомпром», БИН 970240000816; Республика Казахстан, 010000г. Астана, район «Есиль», ул. Сығанақ, строение 17/12; Бектенов Руслан Ширязданович, тел. 8 (707) 755-99-97, e-mail: rbektenov@kazatomprom.kz

Разработчик: АО «Волковгеология»; БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; тел. 8 (707) 344-09-87

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документа – АО «Волковгеология»; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168; 8 701 344 09 87; G\_kazibek@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются по ссылке [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz/) и по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

## Табиғатымызды қорғайық!

Табиғат ресурстары тозбайтын, жоғалмайтын мәңгілік дүние, болмаса, сарқылмайтын қазына емес. Сондықтан да табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет.

Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Сексеуілдің басты пайдасынан гөрі, бір күндік жылуын, кәуап дайындауға таптырмас отын екендігін ойлап, ысырапсыз жарататындар көп. Мың күндігін емес бір күндігін ойлап, табиғатқа залал келтіретін жандар жетерлік. Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құрылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еңшіңде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Олардың да қоршаған орта үшін әкелетін зияны көп екенін ұмытпайық. Табиғат әсіресе, орманды жасыл желек адамзаттың бойына шаттық, көңіліне шабыт, сезіміне ерекше шабыт, сезіміне ерекше ләззат сыйлайтын ерекше сұлулық пен әдемілік әлемі. Табиғат – ананы жылытпайық, керісінше сақтап қорғайық. Ол адамзат үшін ауадай қажет екендігін әрдайым естен шығармайық.

**Бурабай ТӨРЕБАЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

## Орман алқаптарын қорғайық!

Өрттің тілсіз жау екенін барлығымыз білеміз. Қазіргі таңда өрттің деген шарпанын шағы. Өрт қауіпсіздігін сақтау арқылы орман, өзен-көлдердің маңайы, таулы және дархан даламыздың сұлулығын сақтап қаламыз дейміз. Аудан аумағындағы құрғақ және ыстық ауа райында далалық өлкелерде өрт қауіп мол. Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет. Біздің орман алқаптарында және шоқ ормандарда өсетін ағаштар бірнеше минут арасында ондаған жылға жойылып кетуі мүмкін және оларды қалпына келтіру үшін де көптеген жылдар керек. Дала өрті адам ырқына көнбейтін аса қауіпті тілсіз жау. Мұндай өрттің жылдамдығы орман өртінен бірнеше есе күштірек болады. Өрт әсіресе жаз айларында жиілейді. Осы кезде күн қатты ысып, құрғақшылық болады. Құраған өсімдіктерге шамалы ұшқынның өзі жеткілікті. Қас-қағым сәтте ұшқыннан пайда болған жалын егісті шарпып кетеді. Кеш анықталған дала өрті күшейе түссе, тек материалдық шығын келтіріп қана қоймай, адам өміріне, экологияға, жан-жануарлар мен өсімдіктерге қауіп төндіреді.

**Нұрдәулет ЖҰПАРБАЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.